

**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Панфилов ауданы аумағындағы ер азаматтарды кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 мамырдағы N 234 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 мамырда N 2-16-114 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы N 179 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2011.03.30 N 179 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағы, 20-бабының 1-тармағына, 23-баптың 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 960 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысын сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы аудан аумағында 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі аралықтағы әскери қызметтен шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырылудан босатылуға құқығы жоқ Қазақстан Республикасы азаматтарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері және басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды жасақтау мақсатында мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылып, қамтамасыз етілсін.

2. Шақыру жұмыстарын жүргізу үшін 1-қосымшаға сәйкес аудандық шақыру  
к о м и с с и я с ы  
қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын өткізу кестесі  
2 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. "Панфилов ауданының орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына /Сарпеков Төлеу Құмарбекұлы - келісімі бойынша/:

1) шақырылушылар мен жоғары әскери оқу орындарына түсуші кандидаттарды медициналық куәландырудан өткізу үшін мамандығы бойынша тәжірибесі бар дәрігер мамандар мен қажетті мөлшерде орта медицина қызметкерлерін бөлу;

2) шақыру учаскесін қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

3) шақырылушыларды стационарлық тексеруден өткізу үшін аудандық ауруханадан орын қарастыру ұсынылсын.

5. "Панфилов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі /Албанбекова Бибігүл Нүкенқызы/ шақыру жұмыстарына бөлінген мөлшердегі қаражатты уақытында беруді қамтамасыз ету тапсырылсын.

6. Қалалық, ауылдық округ әкімдері шақырылушылардың әскерге шақыру учаскесіне жеке шақыру қағаздарында көрсетілген мерзімде келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

7. "Панфилов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне /Мұқанов Мақсат Жақияұлы/:

1) шақыру қорытындысы туралы әскерге шақыру жұмыстары аяқталған соң аудан әкіміне мәлімет ұсыну тапсырылсын.

8. Аудандық ішкі істер бөліміне /Омаров Асылбек Айтмұхамбетұлы/ шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" N 189 қаулысының күші жойылған деп танылсын ( мемлекеттік нормативтік құқықтық акті 2009 жылдың 22 мамырында нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіміне N 2-16-84 болып енгізілген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 2009 жылғы 15-ші тамызында N 35 санында жарияланған ).

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Ә. Раевқа жүктелсін.

11. Осы қалы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі Е. Келемсейіт

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы  
5 тамыздағы N 239







6	Көктал	381	30																																30	30	30		
7	Пенжім	252		30	30	30	30																																
8	Қоңырөлең	198							50	50	50	48																											
9	Сарыбел	263																																				23	30
10	Талды	193																																					
11	Шолақай	276																																					
12	Ү-шыған	360	30	30	30	30																																30	
13	Жаскент	264																		50	35	35	35	35	35												39		
14	Жаркент қ	670																																				35	
		4018																																					

  

р/с	Округ атауы	Адам саны	желтоқсан																																					
			1	2	5	6	7	8	9	12	13	14	15	16	19	20	21	22	23	26	27	28	29	30																
1	Айдарлы	184																																						
2	Ү-ағаш	230																																						
3	Басқұншы	236																																						
4	Бірлік	256				6																																		
5	Үшарал	255				15																																		
6	Көктал	381	30	30	21																																			
7	Пенжім	252				42	30	30	30																															
8	Қоңырөлең	198																																						
9	Сарыбел	263																																						
10	Талды	193																																						
11	Шолақай	276																																						
12	Ү-шыған	360																																						
13	Жаскент	264																																						
14	Жаркент қ	670	35	35	40		35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35	35			
		4018																																						

***Панфилов** ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі  
бөлімінің бастығы  
М. Мұқанов*